**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Қыркүйек айы 2022жыл 3 апта**
**№ 1 «Күншуақ» кіші тобы**

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 12.09.2022ж** | **Сейсенбі 13.09.2022ж** | **Сәрсенбі 14.09.2022ж** | **Бейсенбі 15.09.2022ж** | **Жұма 16.09.2022ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Достарым әнімен қарсы алу | Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу | Үш түрлі смайликпен қарсы алу | Қонжықтың таңғы тілегімен қарсы алу | Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдырлатып қоңырауын соғып кіріп,келесі балаға береді |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатайыны жайлы әңгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу | Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Өз үйіне орналастыр»** **Міндеті:** жануар, құстарды өз мекеніне орналстырады **Қоршаған ортамен таныстыру** | **«Не артық?»** **Міндеті:** Балалар суретке қарап, заттарды топтастырады.**Сенсорика** | **«Сиқырлы қапшық»** Міндеті: Қапшықтан алған ойыншықтың атын, қасиетін айта алады. **Сөйлеуді дамыту** | «Бау да ма,бақшада ма?» Міндеті: Балалар көкөністер мен жемістер ажыратып орналастырады **Қоршаған ортамен танысу** | «Ұшады, секіреді, жүзеді» **Қоршаған ортамен танысу** |
| **Таңертенгі жаттығу** | Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**<br>кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Жеке балалармен тақпақты жаттау.<br>Бала, бала, баламыз.<br>Бақшамызға барамыз.<br>Күні бойы қызыққа,<br>Батамыз да қаламыз.<br>**көркем әдебиет** | Мысық және күшіктің дауысын салу арқылы сөйлеу дағдысын жетілдіру.<br>**Сөйлеуді дамыту** | Доппен ойындар.<br>Жеке балалармен тақпақты жаттауды жетілдіру<br>Бала, бала, баламыз.<br>Бақшамызға барамыз.<br>Күні бойы қызыққа,<br>Батамыз да қаламыз.<br>**көркем әдебиет** | Қимылды ойын:<br>«Құстың қауырсыны кімге барады» **Дене шынықтыру** | Қ/о<br>«Шеңберге тез тұр» Еркін ойындар<br>Жеке әңгімелесулерде баланың сөйлеу дағдысын жетілдіру<br>**Дене шыцнықтыру** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Музыка**<br>**Лақ» әні**<br>-Қанекей балалар әжемізге лақ туралы ән айтып берейік.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Анасын тап»**<br>-Балалар берілгенсуреттегі | **Дене шынықтыру**<br>**Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары.**<br>Еденде жатқан жолдың бойымен тура бағытта | | **Дене шынықтыру**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, | **Дене шынықтыру**<br>**Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:**<br>1. Еденде 10-20 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жануарлардың төлін табу керек қане кім жақсы табады екен | топпен жүру. Нысанаға дейін тура жолдың бойымен (ені 25-30 см, ұзындығы 2–3 м) жүру, ересектің көмегімен гимнастикалық тақтай бойымен (ені 25-30 см) жүру, ересектің көмегімен модульге (биіктігі 10–15 см) шығуға және одан түсуге үйрету, еденде жатқан лентадан (арқаннан) аттап өту. | | таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою; табандарды бүгу (жазу), қатарында тұрған – отырған адамға қолындағы затты бере отырып, тұлғасын оңға-солға бұру, шалқасынан жатқан қалыпта қолдары мен аяқтарын бірдей қимылдатып, аяқтарын көтеру және түсіру, арқасынан бүйіріне, ішіне және кері қарай аударылу, алға, жан-жағына қарай еңкею. | см қашықта (2 арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру. **Ойын:** «Кім жақсы еңбектейді» ойынын ойнау. |
| | Ата мен әжелерінің суреттін қарау. Олар туралы не білетіндерін айтқызу мен сөйлеуін дамыту «Бес саусақ» өлеңін қайталап айтуға талпындыру Бас бармағым – атам, үйдің данасы | Отбасы суретін көрсету. Суреттегі отбасы мүшелерін ата? -суреттегі отбасы мүшелерінің не істеп отырғандығы жайлы әңгімелеп беруін ұйымдастырып | Отбасы мүшелерінің суреттерін көрсітіп, әр бір мүшені атап, есімдерін атау дағдысын қалыптастыру **сөйлеуді дамыту** Балалардың қалауы бойынша әженің кәмпиттері тақырыбында | Отбасы бейнеленген кітаптар қарау. Тек адамдардың емес, жануарлардың отбасы мүшелерін қарау негізінде дұрыс сөйлеуін дамыту **сөйлеуді дамыту** Мысық пен күшік ойнайтын допты ермексаздан мүсіндеуді пысықтау. | |

<table>
<tr><td></td><td>Балан үйрек - әжем, ошақ анасы<br><br>Ортан терек - әкем, отау панасы<br><br>Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары<br><br>Титтей бөбек – мен, бәрінің базары<br><br>сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет</td><td>сөйлеу дағдысын,сөз қорын кеңейтіп дамыту.сөйлеуді дамыту<br><br>«Отбасы» рөлдік ойындарын ойнаумен. Қуыршаққа күтім жасау, әлдилеу, ән айту дағдысын қалыптастыру<br>көркем әдебиет, музыка</td><td>домалақтар сурет салу, ермексаздан дөңгелек мүсін жасау, жапсыру жұмыстарын орындау дағдысын жетілдіру<br>сурет салу, мүсіндеу, жапсыру<br><br>Құрастыру материалдарынан үйшік құрастыруды дамыту. құрастыру</td><td>мүсіндеу<br><br>Жануарлар отбасына үйшік құрастыруды пысықтау.<br>құрастыру</td><td></td></tr>
<tr><td>Серуенге дайындық</td><td colspan="5">Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | Картотека 1 | Картотека 2 | Картотека 3 | Картотека 4 | Картотека 5 |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **( дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоуын қалыптастыру.Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **шаралары** | үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әркет жасауын үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (**мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>(**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Еркін іс әрекеттер<br><br>Сенсорлық ойындар, кітаптардан шалқан ертегісінің суреттерін фланелеграфқа ертегі кейіпкерлерін ретімен жапсыру. **сенсорика, жапсыру** | Балалардың қалауы бойынша әжелерге арнап моншақтың суретін салу.<br><br>Түрлі түсті ермексаздан моншақ (дөңгелек) жасау.<br>Фланелеграфқа моншақ бөлшектерін жапсырып, моншақ тізу.<br>**сурет салу, мүсіндеу, жапсыру**<br><br>Еркін іс әрекеттер | Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттер.<br>Отбасы мүшелерін қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету **жапсыру**<br>ермексазды дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру, доп жасау **мүсіндеу**<br><br>доп салуды пысықтау **сурет салу** | Тақпақтарын қайталау. Би үйрену. **көркем әдебиет, музыка**<br><br>Көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі ойыншықтарды топтастыру<br>**сенсорика**<br>Өнер орталықтарында еркін іс әрекеттер | Балалардың таңдауы бойынша бауырсақты ермексаздан жасау дағдыларын, ертегі кейіпкерлерін ретімен фланелеграфта жапсыру дағдыларын пысықтау<br>**мүсіндеу, жапсыру** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Балаларға сурет бойынша шағын әңгіме құрастыра білуге үйрету | Құрылыс материалдарын дұрыс қолдана отырып,зәулім үй құрастыруды | Жыл мезгілі туралы әңгімелесу.<br>Қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | Балаларға киімдерді бүктеп жинауға үйрету | Күз мезгілінің белгілерін үйрету |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | үйрету | | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; Серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. | | | | |
| **Серуен** | Картотека 1 | Картотека 2 | Картотека 3 | Картотека 4 | Картотека 5 |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру. | Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу. | Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. | Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету | . Ата-анаға кеңес: Үйде баласымен карандашпен жұмыс жасауларына кеңес беру. |

Тексерілі: _________ Г.К.Сагпазова